

### №3 жалпы орта білім беретін мектепте ББЖМ-ке дайындық жұмыстарының есебі

№3 жалпы орта білім беретін мектепте 2024-2025 оқу жылындағы 4,9 сыныптарға арналған «ББЖМ-2025» жоспары жасақталды.

4 сыныпта 71 оқушы, 9 сыныпта 52 оқушы білім алады. Осы сыныптарға сабақ беретін пән мұғалімдері байқау тестілерін құрастырды. Бұл күндері физика, химия, биология, география пәндері бойынша 9 сынып курсы бойынша тестілер жинағы толық жасақталды. Оқу сауаттылығы мен математикалық сауаттылық бойынша 50 нұсқада тест дайындалды. Тест құрастыру жұмыстары жыл бойы жалғаса береді. Оқу жылы басында дайындық кестесі жасақталып бекітілді.

4,9 сынып оқушылары қазан айында нормативтік құжаттармен, ережемен таныстырылды. Қазан айындағы ата-аналар жиналысында ББЖМ өту ережесімен, нұсқаулығымен таныстырылды. Мектептегі дайындық кестесі таныстырылып, оқушылардың қатысуы бақылауға алынды.

Мектеп дәлізіне ББЖМ ережесіне сәйкес стенд рәсімделді, дайындық кестесі, қатысушылар туралы мәлімет қоса берілді.

Оқу жылының қазан-желтоқсан айы аралығында қағаз нұсқада 4,9 сыныпқа бейсенбі күні, 9 сыныпқа сәрсенбі күні өткізілді. Қаңтар айынан бастап электронды нұсқада тапсыру жолға қойылды.

#### Дайындық кестесі бойынша:

- ✓ Оқу сауаттылығы-жұма күні
- ✓ Математикалық сауаттылық-дүйсенбі күні
- ✓ Физика, география-сейсенбі күні
- ✓ Химия, биология-бейсенбі күні.

Бұл күндері аталған пәндерден тест жұмысы гугл тест түрінде алынып, қатемен жұмыс жасалады.

Бүгінгі көрсеткіш бойынша:

№	Пәні	Оқушы саны	Қаңтар көрсеткіші ұпай	Ақпан көрсеткіші ұпай	Айырма
1	Оқу сауаттылығы	47	6,3	7,5	+12
2	Мат.сауаттылығы	47	4,3	5,8	+1,5
3	Физика	47	4,7	5,9	+1,2
4	Химия	44	4,7	5,4	+0,7
5	Биология	44	5,2	6,1	+0,9
6	География	44	5,2	5,2	0

Сабақ сәтінде тест жұмысы талданып, қатемен жұмыс жасалады.

